



**AMANZHOLOV
UNIVERSITY**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
КУРСТАРЫ
«КӘСІБИ ИМПУЛЬС»**

Бағдарламаны құрастырушылар:

**Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор Радченко Н.Н.**

**Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор Сахариева С.Г.**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Завалко Н.А.

«КӘСІБИ ИМПУЛЬС» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

«Кәсіби импульс» педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының негізгі мақсаты – 2-3 жылдық еңбек өтілі бар мұғалімдерді аттестацияға дайындауда қолдау көрсету, олардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, педагогика, оқыту әдістемесі және білім беру үдерісін басқару саласындағы білімдерін жаңарту, сондай-ақ оқыту сапасын арттыру үшін біліктілігін жетілдіру. Бұл бағдарлама мұғалімдердің оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастырып, үздік нәтижелерге қол жеткізуіне көмектесуге бағытталған.





Курс міндеттері:

1. Оқыту және тәрбиелеудің заманауи әдістерін, педагогикалық технологияларын және тиімді тәсілдерін меңгеру арқылы мұғалімдердің біліктілігін арттыру.
2. Мұғалімдерді өз қызметіне өзіндік талдау жасау, жұмыс нәтижелерін бағалау және педагогикалық үдерісті түзету әдістеріне үйрету.
3. Аттестациядан сәтті өту үшін қажетті кәсіби құжаттарды дұрыс рәсімдеу және ұсыну дағдыларын қалыптастыру.

Курстың негізгі мазмұны:

1-Модуль: Педагогтің кәсіби құзыреттілігі

Тақырып 1. Педагог мамандығына кіріспе: рөлі мен міндеттері

Тақырып 2. Тәрбиелеу және оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздері

Тақырып 3. Білім беру стандарттары мен нормативтік-құқықтық құжаттардың негіздері

Тақырып 4. Жеке педагогикалық мәдениетті қалыптастыру

Тақырып 5. Білім беру процесінің сапасын бағалау: әдістер мен құралдар

2-Модуль: Тиімді оқыту әдістері мен технологиялары

Тақырып 6. Инновациялық педагогикалық технологиялар

Тақырып 7. Оқытудағы сараланған тәсіл

Тақырып 8. Оқушылардың сыни ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамыту

Тақырып 9. Білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану

Тақырып 10. Сыныпты басқару стратегиялары және педагогикалық қиындықтарды жеңу

3-Модуль: Аттестация және кәсіби даму

Тақырып 11. Аттестацияға дайындық: нормативтік талаптар

Тақырып 12. Портфолио құрастыру: қағидалар мен критерийлер

Тақырып 13. Аттестацияға арналған әдістемелік материалдарды әзірлеу

Тақырып 14. Педагогтің өзін-өзі дамытуы және кәсіби біліктілігін арттыру

Тақырып 15. Аттестация нәтижелерін бағалау және кәсіби қызметті талдау

Күтілетін нәтижелер:

Курсты меңгеру нәтижесінде педагогтердің келесі құзыреттіліктері қалыптасуы тиіс:

- 1. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік:** заманауи педагогикалық әдістерді, технологияларды және тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушыларды нәтижелі оқыту және тәрбиелеу қабілеті.
- 2. Әдістемелік құзыреттілік:** білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын және оқу материалдарын қазіргі заманғы білім беру талаптары мен оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес әзірлеу және қолдану дағдылары.
- 3. Диагностикалық құзыреттілік:** оқушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау, нәтижелерді талдау және алынған деректер негізінде білім беру үдерісін түзету мүмкіндігі.
- 4. Білім беру үдерісін басқару құзыреттілігі:** оқу үдерісін ұйымдастыру, жоспарлау және бақылау, соның ішінде оқушылармен, әріптестермен және ата-аналармен өзара әрекеттесу қабілеті.

5. Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі дамыту құзыреттілігі: өз кәсіби қызметін дербес бағалау, өз күшті және әлсіз жақтарын талдау, сондай-ақ болашақ кәсіби дамуды жоспарлау қабілеті.

6. Коммуникативтік құзыреттілік: оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен және мектеп әкімшілігімен тиімді қарым-қатынас орнату, әртүрлі коммуникация құралдарын және тәсілдерін қолдану дағдылары.

7. Этикалық құзыреттілік: педагогикалық қызметтегі этикалық нормалар мен стандарттарды білу және сақтау, соның ішінде оқушылардың құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет көрсету.

8. Инновациялық құзыреттілік: білім беру үдерісіне инновациялық әдістер мен технологияларды, оның ішінде цифрлық құралдарды енгізу арқылы білім сапасын арттыру қабілеті.

9. Аттестацияға дайындық құзыреттілігі: педагогтердің аттестациялау рәсімдерін білу, қажетті құжаттарды әзірлеу және ұсыну дағдылары, сондай-ақ аттестациялық комиссия алдында табысты қорғауға дайындық жүргізу.

10. Жеке тұлғалық құзыреттілік: кәсіби қызмет пен педагогикалық шеберлікті дамыту үшін қажетті жеке қасиеттерді қалыптастыру, соның ішінде жауапкершілік, шығармашылық, икемділік, бастамашылдық сияқты қасиеттерді жетілдіру.



AMANZHOLOV
UNIVERSITY

НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!!!